



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ басқарма төрағасы -  
ректор

С.Н. Идрисов  
« 01 » 2023ж.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕСІ

№ 026

Атырау 2023 ж.



	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні
<b>Келісілді</b>	Академиялық мәселелер бойынша проректор	А.Е. Чукуров		
	Юрисконсульт	К.С. Куанов		28.02.2021
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшигулова		
<b>Разработали</b>	Вице-проректор (сандық офицер)	К.М. Утепкалиева		
	Білім беру бағдарламасының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету жетекшісі	Ж.У. Сулейменова		
	«Орыс филологиясы» кафедрасының меңгерушісі	Алекешова Л.Б.		
	Инновациялық білім беру факультетінің деканы	Мухамбетжанова А.У.		
	«Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры	Куаныш С.О.		
	«Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы» кафедрасының аға оқытушысы	Кенжебаев А.А.		
	«Математика және математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы	Ахмурзина Т.Н.		
	«Қаржы және есеп» кафедрасының меңгерушісі	Кенжегалиева З.Ж.		
	«Биология және ауылшаруашылық пәндері» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.	Тапешова Ш.Ж.		
	«Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының меңгерушісі	Мухамедина А.Е.		
	«Музыка және өнер» кафедрасының меңгерушісі	Джаксиева Г.Б.		
	«Химия және химиялық технология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.	Калиманова Д.Ж.		



### Мазмұны


1	Жалпы ереже.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Белгілеулер мен қысқартулар.....	4
4	Аттестаттау комиссиясын қалыптастыру .....	4
5	Қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі .....	5
6	Бакалавриат білім алушыларын қорытынды аттестаттау .....	6
7	Магистратура білім алушыларына қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі	8
8	Денсаулық мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу ерекшеліктері .....	8
9	Бағалау .....	10
10	Қорытынды аттестаттау нәтижесін апелляциялау рәсім .....	10
11	Қорытынды аттестаттау бойынша қорытынды ережелер.....	
12	Өзгерістер .....	11
13	Келісу, сақтау және жіберу.....	11
	Қосымшалар .....	12

1. Жалпы ережелер
- 1.1 Осы білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ (бұдан әрі-Университет) білім алушыларын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
- 1.2 Қорытынды аттестаттаудың (бұдан әрі - ҚА) мақсаты жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім бағдарламасын (бұдан әрі - ББ) зерделеу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелерін және негізгі құзыреттерді бағалау болып табылады.
- 1.3 Университетте білім алушылардың ҚА әр ББ үшін академиялық саясатта белгіленген нысандар бойынша жүргізіледі. Ұзақтығы мен мерзімдері академиялық күнтізбеде, оқу үдерісінің кестесінде және жұмыс оқу жоспарларында көзделген.
2. **Нормативтік сілтемелер**
- 2.1 Осы құжат нормативтік құжаттардың негізгі ережелеріне сәйкес әзірленді:
  - "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ Заңы;
  - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
  - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
  - Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген);
  - ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
  - «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ академиялық саясаты.
3. **Белгілеулер мен қысқартулар**
  - АК – аттестаттау комиссиясы
  - МЖмС – Мемлекеттік жалпығаміндетті стандарт
  - ҚА – қорытынды аттестаттау
  - ҰБТ – Ұлттық біліктілік тестілеу
  - ДМШ – денсаулық мүмкіндігі шектеулі
  - ББ – білім беру бағдарламасы
  - ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам
  - ОӘК – оқу-әдістемелік кеңес
  - GPA (Grade Point Average) – үлгерімнің орта балы
4. **Аттестаттау комиссиясын қалыптастыру**
- 4.1 Білім алушылардың ҚА өткізу үшін ББ немесе оқытудың барлық нысандары үшін даярлау бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі-АК) құрылады. Факультет деканы ББ/даярлау бағыттары бойынша АК төрағасы мен құрамын бекіту туралы ұсыныс қалыптастырады. Ұсыныс Ғылыми кеңестің отырысында қаралады. АК төрағасы мен құрамы университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірілмей бекітіледі және сол күнтізбелік жыл ішінде қолданылады.
- 4.2 АК құзыретіне мыналар кіреді:



- 1) даярланып шығарылатын кадрлардың теориялық және практикалық дайындығының ББ белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеру;
  - 2) ББ бойынша бітірушіге тиісінше бакалавр немесе магистр дәрежесін беру;
  - 3) кадрларды даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.
- 4.3 АК төрағаларының кандидатуралары осы университетте жұмыс істемейтін ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар ПОҚ, шығарылатын кадрлар бейініне сәйкес келетін өндірістің жоғары білікті мамандары қатарынан айқындалады.
- 4.4 Магистратураның ББ бойынша АК төрағасы болып ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша докторлық дәрежесі бар, даярланып шығарылатын кадрлар бейініне сәйкес келетін тұлға тағайындалады.
- 4.5 АК мүшелері профессорлар, қауымдастырылған профессорлар, аға оқытушылар, даярланып шығарылатын кадрлар бейініне сәйкес келетін жоғары білікті мамандар қатарынан құрылады. АК сандық құрамын түлек шығаратын кафедра өз бетінше айқындайды (АК хатшысын қоса алғанда, ұсынылатын саны 5 адамнан аспайды). Араласқан ББ бойынша біртұтас АК калыптастыруға жол беріледі.
- 4.6 ҚА басталғанға дейін АК-ға студенттерді/магистранттарды ҚА-ға жіберу туралы бұйрықтардың көшірмелері, АК құрамын бекіту туралы бұйрықтардың көшірмелері, ББ бойынша қорытынды аттестаттауды өткізу бағдарламасы ұсынылады.
- 4.7 ҚА өткізу басталғанға дейін АК-ға факультет деканының білім алушыларға жеке оқу жоспарының орындалуы, олардың барлық пәндер бойынша алған бағалары, олардың көлемі, кәсіптік практика түрлері, ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы және бүкіл оқу кезеңінде GPA үлгерімінің орташа балының шамасы туралы анықтамасы ұсынылады.
- 4.8 Аяқтағаннан кейін АК төрағалары ҚА нәтижелері туралы есептер жасайды және оларды басқарма төрағасы-университет ректорына ұсынады. АК төрағаларының есептері бітіруші кафедралардың мәжілістерінде, факультеттердің және университеттің ОӘК талқыланады.
- 4.9 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың), магистрлік диссертациялардың (жобалардың) рецензенттері Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен факультет деканының ұсынуы бойынша жұмыс орны, атқаратын лауазымы және білімі (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы диплом бойынша базалық білімі) көрсетілген жалпы тізіммен бекітіледі.
- 5. Қорытынды аттестаттауды өткізудің жалпы тәртібі**
- 5.1 ББ бойынша ҚА-ны уақтылы және сапалы ұйымдастыру және өткізу үшін түлек шығарушы кафедра меңгерушісі, факультет деканы жауапты болады.
- 5.2 Білім алушылардың ҚА өткізу ұзақтығы мен мерзімдері академиялық күнтізбемен және білім беру бағдарламасымен белгіленеді.
- 5.3 АК жұмыс кестесін тіркеу кеңсесі жасайды, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді және комиссия жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей хабарландырылады.
- 5.4 АК отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспайды.
- 5.5 Бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі мемлекеттік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру талаптарына сәйкес білім алушының теориялық оқу курсының және оқу қызметінің басқа да түрлерінің қажетті көлемін игеруі болып табылады.
- 5.6 ҚА жұмыс және жеке оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу үдерісін толық аяқтаған, академиялық берешегі жоқ білім алушылар жіберіледі.



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	<b>Басылым: төртінші</b>
	Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережесі	<b>21-ден 6-ші бет</b>

- 5.7 Магистрант диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда немесе конференция материалдарында кемінде бір жарияланым болған кезде қорғауға жіберіледі.
- 5.8 ББ талаптарын орындамаған білім алушы академиялық үлгерімсіздігі үшін Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен университеттен шығарылады.
- 5.9 Бакалавриат және магистратура білім алушыларын ҚА-ға жіберу факультет деканының білім алушылардың тізімдік құрамы бойынша ұсынуы негізінде ҚА басталғанға дейін 2 аптадан кешіктірілмей Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен рәсімделеді және АК-ға ұсынылады.
- 5.10 АК-ның барлық отырыстары «Platonus» ААЖ-да электрондық хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаларды техникалық хатшы әр түлекке жеке-жеке толтырады.
- 5.11 ҚА нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады. ҚА-ны бағалау, сондай-ақ дәреже беру және диплом беру туралы шешімдерді АК отырыста комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Дауыстар саны тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 5.12 Білім алушы және (немесе) комиссия мүшесі ҚА өткізу кезінде академиялық адалдық қағидаларын бұзған жағдайда академиялық саясатқа сәйкес шаралар қабылданады.
- 6. Бакалавриат білім алушыларын қорытынды аттестаттау**
- 6.1 Университеттің академиялық саясатына сәйкес бакалавриат білім алушыларының ҚА дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан түрінде өткізіледі.
- 6.2 Диплом жұмысын жазуға рұқсат беру критерийлері мен жазу бойынша талаптары «Дипломдық жұмыс (жоба) туралы ережеде» келтірілген <https://asu.edu.kz/ru/university/ruler/Vice-Rector-for-Academic-Affairs/15038/>.
- 6.3 Кешенді емтихан алдында шолу дәрістері, сондай-ақ кешенді емтихан бағдарламасының мазмұнын түсіндіру, өткізу тәртібі, бөлінген уақыт мөлшері, қойылатын талаптар, бағалау жүйелері мен критерийлері, білім алушылардың мінез-құлық қағидалары бойынша кеңестер беріледі.
- 6.4 Түлек шығарушы кафедра кешенді емтихан бағдарламасын қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 3 ай бұрын өз бетінше әзірлейді және бекітеді. Кешенді емтихан бағдарламасы ЖБ білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына жауап беретін ықпалдастырылған білім мен негізгі құзыреттерді көрсетеді. Бағдарлама университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітіледі. Кешенді емтихан бағдарламасында: жалпы ережелер; кешенді емтиханның үлгілік сұрақтарының/тапсырмаларының тізбесі; ұсынылатын әдебиеттер тізімі, білім алушылардың жауаптарын бағалау критерийлері мен көрсеткіштері келтіріледі.
- 6.5 Кешенді емтиханның әр түрлі формаларын қолдануға болады (біліктерін, дағдыларды, құзыреттіліктерді бағалау): билеттер бойынша емтихан, аралас формада, компьютерлік тестілеу, ҰБТ форматында тестілеу, педагогикалық жағдаятты шешу, практикалық кейсті талдау, өндірістік мәселелерді шешу, портфолио презентациясы, ашық сабақ өткізу, шығармашылық емтихан және т.б.). Кешенді емтиханды өткізудің жекелеген формаларын толығырақ қарастырайық.
- 6.5.1 *Билеттер бойынша емтихан*  
Егер кешенді емтихан билеттер бойынша ауызша түрде өткізілсе, кешенді емтихан пәндерінің тізбесі ҚА-ға дейін екі айдан кешіктірілмей студенттердің назарына жеткізіледі. Кешенді емтихан ББ базалық және бейіндік пәндері бойынша сұрақтар мен тапсырмаларды қамтитын билеттер бойынша өткізіледі. Емтихан басталар алдында АК қатысуымен мөрленген билеттері бар конверт ашылады, билеттер





комиссия мүшелерінің қатысуымен беріледі, емтиханға бөлінген уақыт жарияланады, емтиханның басталуы тіркеледі. Емтиханды ауызша тапсыруға дайыналу ұзақтығы 40 минуттан аспайды. Емтихан жұмыстары тиісті факультет деканатының мөртаңбасы бар арнайы парақтарда орындалады, оларды комиссияның техникалық хатшысы әр студентке береді. Дайындалуға бөлінген уақыт өткеннен кейін білім алушы комиссия мүшелеріне емтихан билетіне енгізілген сұрақтардың мазмұнын ауызша ашады. Емтихан тапсырмаларына жауаптар бекітілген бағдарламаға сәйкес бағаланады. Емтихан бағасы билеттің әр сұрағы үшін бағалаудың орташа арифметикалық мәні ретінде құралады. Билеттің әрбір сұрағы білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады (1-қосымша).

Кешенді емтиханды билеттер бойынша жазбаша түрде өткізу кезінде ауызша емтихан кезіндегідей тәртіп белгіленеді. Жалғыз өзгешелігі студенттердің жауап парақтары шифрланады.

#### 6.5.2 Аралас емтихан

Емтиханның аралас түрі – екі кезеңде өткізілетін емтихан түрі. Мысалы, білім алушылар үшін «Педагогикалық ғылымдар» даярлау бағыттары: Бірінші кезең-ҰБТ пішімінде тестілеу; екінші кезең-билеттер бойынша емтихан / немесе жазбаша тапсырманы орындау / немесе практикалық тапсырманы орындау.

Дайындықтың басқа бағыттарының білім алушылары үшін: бірінші кезең – тестілеу; екінші кезең - билеттер бойынша емтихан/ немесе жазбаша тапсырманы орындау / немесе практикалық тапсырманы орындау (бағдарламаға сәйкес). Тест сұрақтарының дайындалған тізбесі кафедра отырысында бекітіледі. Тест тапсырмасының әр нұсқасы 30 сұрақтан тұрады. Біріктірілген емтихан бағасы: тестілеу қорытынды бағаның 30% және біріктірілген емтиханның екінші кезеңін сәтті аяқтағаны үшін емтихан қорытынды бағаның 70% құрайды.

#### 6.5.3 Шығармашылық емтихан

Шығармашылық емтихан – дайындықтың шығармашылық бағыттарына сәйкес келетін білім, білік, құзыреттілік және қабілет деңгейін тексеру. Емтиханның шығармашылық түрі барлық шығармашылық ББ (6B021 Өнер) бойынша қарастырылған. Шығармашылық емтихан білім алушылардың сауаттылығын, шығармашылық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін талап ететін тапсырмаларды қамтиды. Кафедра емтиханның ұзақтығын ББ ерекшеліктері мен тапсырманың мазмұнына қарай дербес анықтайды.

#### 6.5.4 Педагогикалық жағдаятты шешу, практикалық жағдаятты талдау, өндірістік міндеттерді шешу

ҚА жүргізудің ұсынылатын формаларының бірі – студенттердің маманның өмірі мен практикалық қызметіндегі нақты жағдайларды қарастыруды және шешуді көздейтін кейстер әдісі немесе жағдаяттар әдісі. Педагогикалық міндет – оны өзгерту мақсатында қалыптасқан педагогикалық жағдаятты түсіну.

Бітіру курсының студентіне педагогикалық тапсырма / қолданбалы бағыты бар жағдаят, яғни кәсіби жағдайларды үлгілейтін және студенттерден тәуелсіз танымдық іс-әрекетті, сондай-ақ осындай іс-әрекетке дайындықты анықтайтын жеке қасиеттерді талап ететін тапсырмалар ұсынылады.

Қорытынды аттестаттауға арналған тапсырмаларды әзірлеу оларды бағалау критерийлерін белгілеумен қатар жүруі керек. Педагогикалық тапсырманың / жағдаяттың шешімін бағалау критерийлері: педагогикалық тапсырманың мәнін түсіну (өзара әрекеттесу субъектілерінің позицияларын түсіну); педагогикалық

мәселені тұжырымдау; мәселені шешудің мүмкін жолдарын анықтау; өз шешімін дәлелдеу; педагогикалық эрудиция.

6.5.5 *Тілдік білім беру бағдарламалары бойынша емтихандар*

Тілдік ББ білім алушылар бейімделген IELTS немесе TOEFL пішімінде өткізілуі мүмкін. Кешенді емтихан екі кезеңнен тұрады: оқылым, жазылым, тыңдалым (reading, writing, listening) және айтылым (speaking) дағдыларын бағалау үшін емтихан алушымен сұхбат сияқты дағдыларды тексеруді қамтитын жазбаша емтихан. Емтиханның тест тапсырмалары жазбаша түрде орындалады, ауызша емтиханды өткізуде емтихан алушы қатысады.

Шет тілдері (қазақ, шетел, орыс) бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлік модельге және ECTS-ке және дәстүрлі шкалаға (кесте\_) аударуға сәйкес тілдер бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады (2-қосымша).

6.6 Кешенді емтиханды өткізудің нақты формасы ББ бойынша қорытынды аттестаттауды өткізу бағдарламасында айқындалады (3-қосымша).

**7 Магистратура білім алушыларына қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі**

7.1 Ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратура ББ бойынша ҚА магистрлік диссертация (жоба) жазу және қорғау нысанында жүргізіледі.

7.2 ҚА мақсаты магистратура ББ оқуды аяқтау бойынша қол жеткізілген оқу нәтижелерін және игерілген құзыреттерді бағалау болып табылады.

7.3 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындауды, оны рәсімдеуді және қорғау рәсімін қамтиды.

7.4 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау рәсімі «Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже», «Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ережемен» анықталады <https://asu.edu.kz/ru/university/ruler/vice-rector-for-scientific-work/15009/>.

7.5 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейін, сондай-ақ ғылыми жетекші мен рецензенттің пікірлерін ескере отырып, білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалар қойылады (1-қосымша).

**8 Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу ерекшеліктері**

8.1 Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың ҚА-ны ұйымдастыру олардың психофизикалық даму ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады және:

- денсаулық мүмкіндіктері шектеулі емес білім алушылармен бірлесіп;

- білім алушыға оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық көмек көрсететін ассистенттің қатысуымен (жұмыс орнына отыру, қозғалуы, тапсырманы оқу және рәсімдеу, АҚ мүшелерімен қарым-қатынас жасау);

- білім алушыға оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық құралдарды пайдалана отырып;

- аудиторияда, әжетханада және басқа да орынжайларда білім алушының кедергісіз қолжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ оның көрсетілген орынжайларда болуы (пандустардың, тұтқалардың, кеңейтілген ойықты есіктерінің, жеделсатыларының болуы/аудиторияның бірінші қабатта орналасуы, арнайы креслолар мен басқа да құрылғылардың болуы).

8.2 Денсаулық мүмкіндігі шектеулі білім алушының жазбаша өтініші бойынша ҚА-ны тапсыру ұзақтығы оны тапсырудың белгіленген ұзақтығына қатысты ұзартылуы мүмкін.



ДМШ білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне байланысты Университет қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде келесі талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді:

1) зағиптар үшін:

-ҚА тапсыруға арналған тапсырмалар мен өзге де материалдар бедерлі-нүктелі Брайль шрифтімен немесе зағиптарға арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар компьютердің көмегімен қолжетімді электрондық құжат түрінде рәсімделеді не ассистент оқиды;

- жазбаша тапсырмаларды білім алушылар қағазда Брайль бедерлі-нүктелі қаріппен немесе зағиптарға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету бар компьютерде орындайды немесе ассистентке нұсқау береді;

- қажет болған жағдайда білім алушыға Брайльдің бедерлі-нүктелі грифтімен жазуға арналған жазбаша керек-жарақтар жиынтығы және қағаз, зағиптарға арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар компьютер беріледі.

2) нашар көретіндер үшін:

- ҚА тапсыруға арналған тапсырмалар мен өзге де материалдар үлкейтілген қаріппен ресімделеді;

- кем дегенде 300 люкс жеке біркелкі жарықтандыру қамтамасыз етіледі;

- қажет болған жағдайда білім алушыға үлкейту құрылғысы беріледі, білім алушыда бар үлкейту құрылғыларын пайдалануға жол беріледі.

3) естімейтіндер және нашар еститіндер үшін, сөйлеу қабілеті нашар:

- ұжымдық пайдаланудағы дыбысты күшейтетін аппаратураның болуы қамтамасыз етіледі, қажет болған жағдайда білім алушыға жеке пайдаланудағы дыбысты күшейтетін аппаратура беріледі;

- білім алушының қалауы бойынша ҚА жазбаша формада өткізіледі.

4) тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар үшін (жоғарғы аяқ-қолдардың қозғалыс функциялары ауыр бұзылған немесе жоғарғы аяқ-қолдардың болмауы):

- жазбаша тапсырмаларды білім алушылар мамандандырылған бағдарламалық жасақтамасы бар компьютерде орындайды немесе ассистентке айтады.

8.3 Денсаулық мүмкіндігі шектеулі білім алушы ҚА өткізу басталғанға дейін 2 айдан кешіктірмей өзінің жеке ерекшеліктерін көрсете отырып, ҚА өткізу кезінде оған арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі туралы университеттің Басқарма төрағасы-ректорының атына жазбаша өтініш береді. Өтінішке білім алушының жеке ерекшеліктерінің бар екенін растайтын құжаттар қоса беріледі. Өтініште білім алушы: ҚА-ға ассистенттің болу қажеттілігін/қажеттілігі жоқтығын; ҚА тапсыру ұзақтығын ұлғайту қажеттілігін/қажеттілігі жоқтығын көрсетеді.

## 9 Бағалау

9.1 Білім алушылардың қорытынды кешенді емтиханындағы баға АҚ барлық мүшелерінің пікірін және балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша көрсетілген білімдерін ескере отырып қойылады (1-қосымша).

9.2 Диплом жұмысын қорғау бойынша бағалау ғылыми жетекшінің пікірін, рецензенттің бағасын және қорғаудың нәтижелерін ескере отырып қойылады.

## 10 Қорытынды аттестаттау нәтижелерін апелляциялау рәсімі

10.1 ҚА нәтижелерімен келіспеген білім алушы апелляцияны ол өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.


10.2 Апелляция жүргізу үшін Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен мүшелердің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның



құрамына АҚ мүшелерін және (немесе) университеттің әкімшілік қызметкерлерін қосуға жол берілмейді.

- 10.3 Апелляцияға өтініш факультет деканы басқаратын апелляциялық комиссия төрағасының атына жазылады. Өтінішті комиссия АҚ мүшелері мен апелляциялық комиссия мүшелерінің міндетті түрде қатысуымен 2 күн ішінде қарайды.
- 10.4 Апелляция қанағаттандырылған жағдайда АҚ отырысының хаттамасы қайта рәсімделеді.
- 10.5 Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін АҚ-ға денсаулық жағдайы туралы ұсынылған құжаттар қаралмайды.
- 11 Қорытынды аттестаттау бойынша қорытынды ережелер**
- 11.1 Дәлелді себеппен ҚА-ға келмеген білім алушы АҚ төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады, дәлелді себепін растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсаты бойынша комиссия отырысының басқа күні ҚА рәсімінен өтеді. Қайта отырыс күнін комиссия анықтайды.
- 11.2 Оң бағаны көтеру мақсатында ҚА-ны қайта тапсыруға жол берілмейді.
- 11.3 «Қанағаттанарлықсыз» баға сәйкесінше «FX» және «F» белгілерін алған тұлғаларға кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға осы кезеңде ҚА рұқсат етілмейді.
- 11.4 ҚА бойынша «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушы Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен «Білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған» және «ҚА-ны тапсырмаған» ретінде оқудан шығарылады.
- 11.5 Білім алушының келесі академиялық кезеңге ҚА-дан қайта өту үшін оқуға қайта келу мүмкіндігі бар. ҚА-дан өтпеген білім алушы бір жылдан ерте емес, бірақ келесі оқу жылы ҚА басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей Басқарма Төрағасы-ректордың атына ҚА-ға қайтадан жіберу туралы өтініш жазады. ҚА-ға қайталап жіберу Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрығымен рәсімделеді.
- 11.6 Білім алушының қайта ҚА алдыңғы қорытынды аттестаттауға қанағаттанарлықсыз баға алған нысан бойынша ғана өткізіледі.
- 11.7 ҚА-дан өткен және жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білім берудің ББ менгергенін растаған білім алушыға АҚ шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр (магистр) академиялық дәрежесі беріледі және үш тілде қосымшасы бар университеттің өзіндік үлгісіндегі диплом беріледі. Дипломға (транскриптке) қосымшада академиялық кредиттер мен сағаттармен олардың көлемін көрсете отырып, оқу және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарының барлық түрлері бойынша бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.
- 11.8 Университет сұраныс бойынша бітірушіге дипломға жалпыеуропалық қосымшаны (Diploma Supplement) тегін береді.
- 11.9 Оқу пәндері және оқу қызметінің басқа түрлері бойынша А, А – «өте жақсы», В+, В, В-, С+ «жақсы» қорытынды бағалары бар, үлгерімнің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ А, А – «өте жақсы» бағаларына кешенді емтихан тапсырған немесе диплом жұмысын қорғаған жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыға (жоба) үздік диплом беріледі (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда).
- 11.10 Бұл жерде оқудың барлық кезеңінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырған немесе қайталап тапсырған студентке үздік диплом берілмейді.



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережесі	21-ден 11-ші бет

11.11 Университет Басқарма төрағасы-ректоры қол қойған жоғары ББ бітірген түлектердің тегі, есімі, әкесінің есімі (бар болса), ББ және берілген дипломдардың нөмірлері көрсетілген тізімін университет тиісті бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзімде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады, сондай-ақ ЖОО сайтында орналастырылады.

## 12 **Өзгерістер**

Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу академиялық мәселелер жөніндегі проректордың рұқсаты бойынша ғана жүзеге асырылады және оның қолы қойылып құжатпен рәсімделеді. Түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Ережені әзірлеу тәртібі туралы ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бөлімше басшысы жауапты болады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болуы мүмкін:

- нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар- заң күші бар құқықтық актілер;
- ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру.

Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген кезде Ережелер ауыстырылуы керек. Ауыстыру жағдайында университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы керек.

Ескірген ережені ауыстыру және алып қою үшін сапа мониторингі кеңсесі (СМК) жауапты болады.

## 13 **Келісу, сақтау және жіберу**

Ережені Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес бекітуді СМК қызметі жүзеге асырады.

Ережелер келісілген: АБ жөніндегі проректор, СМК қызметі; заң кеңесшісі.

Ережені басқарма төрағасы-ректор бекітеді және ол жойылғанға дейін қолданылады.

Ереженің түпнұсқасы СМК қызметінде сақталады.

Ереженің тіркелген жұмыс көшірмелерін СМК қызметі таратады.

Бөлімшеде Ереженің тіркелген жұмыс данасын сақтауға жауапкершілік бөлім басшысына жүктеледі.

## Қосымша 1

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды оларды дәстүрлі бағалау шәкіліне және ECTS-ке ауыстыра отырып балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық балама	Баллдары (%-дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	



## Қосымша 2


**Деңгейлік модельге және ECTS-ке аударуға және дәстүрлі бағалау шәкіліне сәйкес шет тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**

Жалпыеуропалық құзыреттілік бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы (бұдан әрі - ЖЕК)	Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға (иситиэс)	Балдың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Дәстүрлі бағалау шәкілі
A1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B		3,0	80-84	
	B-	C	2,67	75-79	Жақсы
	C+		2,33	70-74	
	C		2,0	65-69	
	C-	D	1,67	60-64	Қанағаттанарлық
D+	1,33		55-59		
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
ЖЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға (иситиэс)	Балдың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Дәстүрлі бағалау шәкілі
A2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B		3,0	80-84	
	B-	C	2,67	75-79	Жақсы
	C+		2,33	70-74	
	C		2,0	65-69	
	C-	D	1,67	60-64	Қанағаттанарлық
	D+		1,33	55-59	
		D	E	1,0	50-54
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
ЖЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға (иситиэс)	Балдың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Дәстүрлі бағалау шәкілі
	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы

B1	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
ЖЕҚ бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға (иситиэс)	Балдың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Дәстүрлі бағалау шәкілі
B2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
ЖЕҚ бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға (иситиэс)	Балдың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Дәстүрлі бағалау шәкілі
C1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық



	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
ЖЕҚ бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға (иситиэс)	Балдың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Дәстүрлі бағалау шәкілі
C2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,6 7	90-94	
	B+	B	3,3 3	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,6 7	75-79	
	C+		2,3 3	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,6 7	60-64	
	D+		1,3 3	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	


 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережесі	21-ден 16-ші бет

*Қорытынды аттестаттау бойынша бағдарламаның титулдық беті*

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ  
\_\_\_\_\_ кафедрасы

**ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**  
6B0 – \_\_\_\_\_ білім бағдарламасы

Атырау, 2022

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережесі	21-ден 17-ші бет

*Қорытынды аттестаттау бағдарламасын бекіту парағы*

**Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ**

**Бекітемін**

Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор

\_\_\_\_\_ А.Е.Чукуров

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_ж.

**ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

6B0 - \_\_\_\_\_ білім бағдарламасы студенттері үшін

Бағдарлама білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережелері негізінде әзірленген (СМЖ №025)

Құрастырушылар:

аға оқытушы \_\_\_\_\_

аға оқытушы \_\_\_\_\_

Кафедра мәжілісінде ұсынылған

Хаттама № \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған \_\_\_\_\_

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_ж. Хаттама № \_\_\_\_\_

ОӘК төрағасы \_\_\_\_\_

**КЕЛІСІЛДІ**


Факультет деканы \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_ж.

ББАСАЖДҚК басшысы \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_ж. Хаттама № \_\_\_\_\_



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	<b>Басылым: төртінші</b>
	Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережесі	<b>21-ден 18 бет</b>

## 1. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты мен міндеттері

*(Бұл жерде білім бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттаудың мақсаты мен міндеттері сипатталады)*

## 2. Қорытынды аттестаттауға енгізілетін құзыреттіліктер

ҚА барысында білім алушылар келесі құзыреттіліктерінің қалыптасқанын көрсетуі тиіс *(БАРЛЫҚ құзыреттер тізбеленуі тиіс!)*

### 2.1. Әмбебап (базалық) құзыреттіліктер (ӘҚ):

Әмбебап (базалық құзыреттілік) – маманның әмбебап, зияткерлік, коммуникативтік, эмоционалды және еріккүштік қасиеттерге (білім, дағдылар, қасиеттер мен қабілеттер) негізделген кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті.

– құзыреттіліктің аталуы (ЖҚ-1);

– құзыреттіліктің аталуы (ЖҚ-2);

–

### 2.2. Жалпыкәсіптік құзыреттер (ЖКҚ):

Жалпы кәсіби құзыреттілік-маманның кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ықпалдастырылған білім, дағдылар мен тәжірибе, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті.

– құзыреттіліктің аталуы (ЖКҚ-1);

– құзыреттіліктің аталуы (ЖКҚ-2);

–

### 2.3. Кәсіптік құзыреттер (КҚ):

Кәсіби құзыреттілік – маманның нақты білім, білік, дағды негізінде таңдалған қызмет саласындағы кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті.

*(Тек осы ББ бағдарланған кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келетін кәсіби құзыреттер ғана тізімделуі керек.)*

– құзыреттіліктің аталуы (КҚ-1);

– құзыреттіліктің аталуы (КҚ-2);

–

## 3. Қорытынды аттестаттау көлемі, құрылымы және мазмұны

Университетте қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау немесе кешенді емтиханды тапсыру түрінде өткізіледі. Қорытынды аттестаттау кемінде 12 академиялық кредитті құрайды. ҚА ұзақтығы – 6 апта.

Білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау мыналарды қамтиды:


- дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және қорғау;

- кешенді емтихан тапсыруға дайындық және тапсыру.

### 3.1 Кешенді емтихан

Кешенді емтиханның мақсаты – түлектің кәсіби дайындық деңгейін және оның кәсіби қызметі саласындағы практикалық мәселелерді шешуге қабілеттілігін анықтау.

Кешенді емтихан \_\_\_\_\_ (өткізу пішімін сипаттаңыз) өткізіледі. Кешенді емтихан алдында білім алушыларға қорытынды аттестаттауға шығарылатын мәселелер бойынша кеңес беру жүргізіледі.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	<b>Басылым: төртінші</b>
	Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережесі	<b>21-ден 19-ші бет</b>

(Бұл жерде кешенді емтиханды өткізу тәртібін сипаттаңыз, мысалы:)

Кешенді емтихан екі кезеңде өткізіледі: Бірінші кезең – ҰБТ пішімінде тестілеу; екінші кезең – аттестаттау комиссиясының ашық отырысында билеттер бойынша емтихан тапсыру. Билеттер бойынша емтихан өткізу кезінде емтихан тапсырушыға жауап беруге дайындалу үшін 1 сағат беріледі. Емтихан билетінің сұрақтарына білім алушы көпшілік алдында жауап береді. АҚ мүшелері қарастырылып отырған тақырыптар бойынша білім алушының білім тереңдігін анықтау мақсатында қосымша сұрақтар қоюға құқылы. Емтихан билетінің сұрақтарына ауызша жауап беру ұзақтығы 30 минуттан аспауы тиіс. Емтиханға жауап беруге дайындық барысында осы ҚА бағдарламасын және осы бағдарламаның 3.3-тармағында көрсетілген әдебиеттерді пайдалануға рұқсат етіледі.

**3.2 Кешенді емтиханға шығарылатын сұрақтары бар пәндер тізбесі**

**3.3 Кешенді емтиханда пайдалануға рұқсат етілген әдебиеттер тізімі (бар болса)**

**3.4 Кешенді емтиханға дайындық бойынша білім алушыларға ұсыныстар**

**3.5 Мемлекеттік емтихан тапсыру нәтижелерін бағалау критерийлері**

**4. Мүгедектер мен денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қорытынды аттестаттауды өткізу ерекшеліктері**





